

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 49-54.

ӘОЖ 811.512.122

«ЖАННАН ҚЫМБАТ ОЛАРҒА АР!» - МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ЛИРИКАЛАРЫНДАҒЫ ЖАСТАР ОБРАЗЫ

*Токсанбаева Т.Ж., ф.ғ.к., доцент
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
зерттеу университеті, Астана қ.*

XX ғасырдың бас кезі халқымыздың рухани-мәдени тарихындағы қиындығы мен қайшылығы мол күрделі кезең болды. Бұл кезең халқымыздың ұлттық оянуының, демократиялық мәдениетінің өсіп-өркендеуінің, зиялылықпен ілгерілеуінің, әлемдік деңгейдегі ой жарыстыруының, көркем өнер салыстыруының көрініс бере бастаған тұсы болды. Бұл дәуірдегі қазақ әдебиеті – жалпы демократиялық қозғалыстар, қиян-кескі соғыстар, төңкеріс дамыған кездегі, қос қыртыс дәуір тарихын көрсететін әдебиет еді. Ел қамын ойлаған арыстардың қазіргі ұрпақ танып-біліп келе жатқан бірсыпыра жәдігерлік дүниелері осы жылдары дүниеге келді.

Мағжан Жұмабаев өмірден өз орнын үнемі іздеумен өткен, бар білген-түйгенін соған арнаған суреткер. Оның шығармашылығының бір қырында мұңлы толғаныс, өкініш және қайғы-қасірет, күйініш жатса, екінші қырында романтикалық өршілдік, махаббат, сүйіспеншілік, қуаныш пен сүйініш, арман, мақсат, үміт орын алды. Суреткердің шығармашылығында тарих тұңғығын терең түсіну, өткенді бажайлау, болашақты болжай білу, бүгіннің ақиқатына көз жеткізу сияқты терең толғаныстар заманның астан-кестен аласапыран жайымен астасып жатады. Мағжан Абай дәстүрін жаңалады. Мағжан лирикасы жүректің ең нәзік пернелерін сөйлетті.

М.Жұмабаевтың өмірі, шығармашылығы, рухани мұрасының көркемдік нысаны, жазушылық және ақындық шеберлігі, қоғамдық қызметтері жайында сындарлы зерттеулер Ш.Елеуқенов, Р.Бердібаев, М.Базарбаев, М.Қараев, Қ.Мәшһүр-Жүсіпов, Б.Дәрімбет, Б.Қанарбаева, Б.Кәрібаева, Е.Тілешев т.б. ғалымдар еңбектерінде ақын мұрасы сан қырынан қарастырылып келеді.

Ол шындықты жүрегінен өткізіп барып жырлаған, ол бірден ұлтым деп, алашына сиынған. Өзгерсе, қазағының мүддесіне сәйкес өзгерген. Ұлты зар жыласа, ақын қан жылаған. Қазағының беті шырайланса, мұның өлеңі арайланған.

Мағжантанудың ұзақ көшінің басында алаш көсемі Әлихан Бөкейхан тұрғанын айту парыз. Ол жер бетінде қазақ деген халық барын, бұл халықтың

тәуелсіз болып, өз тағдырына өзі иелік жасауға құқы бар екендігін көрсете келіп, соның дәлелі ретінде Абай, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып сияқты ұлы тұлғалардың қатарында Мағжанды да атап, оның:

Таң, күн деген жер жаны,

Бұл екеуісіз жоқ сәні

Оқу-білім ер жаны,

Жараспас ерге құр жаны... - деген сөздерін келтіріп: «Осындай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған бес миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады», - деп тебіренеді. Бұл сөздерді Әлихан Бөкейханов 1913 жылы өз естелігінде жазып кеткен [1, 85].

Қазақ тарихында, әдебиеті мен мәдениетінің тарихында «Қазақ» газетінің орны ерекше. Мұхтар Әуезов айтқандай: «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, елін ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын». Міне, осы газетке Мағжан өзінің көп өлеңдерін жариялаған, баспасөз арқылы халқына қызмет еткен. Мысалы, сонда қазір «Мен жастарға сенемін» деген тақырыппен көпке тараған өсиет өлеңнің 1918 жылы Қызылжарда шығып тұрған, қазақтың жастар баспасөзінің тұңғышы «Жас азамат» газетінің бірінші санында, бірінші бетте басылған болатын. Халықтың келешегі үшін күресетін, оның алдағы тағдырының қандай болмағын айқындайтын көзі ашық, жаны таза, саналы жастар екендігін бұл басылым айқын жария етті. Мағжан Жұмабаевтың «Жастарға!» деген өлеңі сол замандағы қазақ жастарының ел-жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама десе болғандай. Өлеңнің беташары ретінде Мағжан Жұмабаев мынадай сөздерді келтіріп кетеді:

«Жастар! Алда жүрген, Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өнеге алыңдар. Елдіктен, ерліктен айырылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойлаңдар. Күнді - түн, жақынды - жат, пайданы - зиян деп жүрген, толық саяси құқықтарын іздеп алуға ер жетіп, есі кірген елді ойлаңдар!» - дейді де өзінің «Жастарға!» деген өлеңін жариялайды.

Поэзия қай дәуірде де, қай заманда да адам көңіл-күйінің буырқанған, босаңсыған, қайрат шақырған, қамыққан, қайтадан рухтанған, өмірлік мұраттарға ұмтылған сәттерінің бәрінің де көркем шежіресі, бейнелі суреті, мың құбылған әуені.

Ел өмірін өз тағдырына айналдырып, Отанды сүюдің ірі үлгісін танытып, елін сүйген үлкен жүректі азамат халық руханиятына сезім мен сенім ұштасқан мәңгілік шұғыласын шашып кетті.

Жас ұрпақтың өз қоғамына пайдасы тиер жақсы мінездерді бойына жинаған азамат болып өсуіне бірден бір себепші құрал – әдебиет десек, әдебиетті жасаушы қауым – қаламгерлердің әр жазғаны жастарды жақсылыққа жетелеп, ізгі өмірге қанаттандырады. Мағжан ақын осы тұрғыдан алғанда, «Мен жастарға сенемін» өлеңі арқылы жастық жігерді жанып, халық жүрегіне үміт пен сенім шырақтарын жаға алды.

Арыстандай айбатты,

*Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты –
Мен жастарға сенемін!-*

Мұнда өзі армандаған бостандық таңына қажырлы жастардың қолы жететініне сенім білдірген сұңғыла ойдың хас шебері келешек жас буынға ел тізгінін бере отырып, олардың рухтарын жігерлендіре түседі. Бүкіл Алаш жұртына, өз ұлтына ұран салған ақын қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, қоғамдық өміріне өз қолтаңбасын қалдырған, сұлу сөзден, өткір ойдан шаһар салдырған өлең өлкесінің ірі өкілі.

«Мен жастарға сенемін» өлеңі де лапылдап тұрған жалын мен жігер, сезім мен сенім қатар өрілген ұлтжандылықтың ұраны іспетті. Өлеңнің бір шумағының өзінде ел тағдырына, халық болашағына қатысты, кешегі мен бүгінгі күнді сабақтастырып тұрар алтын көпірді қара сөзбен айтып жеткізе алмайтын қуатты сөз бас құрайтыны содан.

*Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар.
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!-*

деп жастарды тектілікке, адалдыққа, шыншылдыққа, ақиқат ауылына шақырады. «Жаным – арымның садағасы» демекші, намыскер де ержүрек қазақ елінің ұл-қыздарына атақ-абыройларына дақ түсірмеуі туралы өлең жолдарында айқын көрсетілген. Намыс – адамның қадір-қасиетіне байланысты өте нәзік, өткір, күшті, лап етпе сезім. «Ар – иманның жолдасы» дейді халық даналығы. Демек, адамның ар-намысы – абыройдың күзетшісі. Мағжанның айтқысы келгені де осы еді. Себебі, талай алаштың орны ерекше зиялылары осы ар-намыс үшін өмірден өтті емес пе?!

*Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат, ұмтылған.
Көздегені көк аспан,
Мен жастарға сенемін!*

Рас, өзінің халық алдындағы биік мақсат-мұратын дұрыс түсініп бағалаған, сөз өнерінің құнын ардақтай сыйлаған, өмір шындығын, қат-қабат құбылыстарын оның терең мазмұнына үңіле отырып суреттей алған ақын жыры әрқашан қоғамдық, азаматтық мәселелерді қозғап, ел болашағына қатысты көзқарасын көтереді [2, 185].

Қоғам қайраткері Смағұл Садуақасовтың ел аузында қанатты сөзге айналған: «Мағжан - қазақ жастары ой-санасының әміршісі» деген бағаның түп-тамыры, бәлкім, осы бір отты - жалынды, тебіреніске толы өлеңде жатқан шығар. Үлкен тебіреніспен, жан толқынының қуатынан туған бұл жолдар қазір де, бұдан былай да «Мен қазақ ұланымын!» деген әрбір жастың жүрегіне жол тауып, буырқанған құлшыныс туғызарына сөз жоқ. Әнұран, шақыру, дабыл сипатында қайта-қайта «Мен жастарға сенемін!» дей келіп отыратын тегеруінді шумақтар көкірегінде сәл ғана шоғы бар жас сананы жалындататын арыны күшті, айбынды да асау көрік еді» [3, 116].

Мағжан өмірінің аса бір шиеленісті кезеңі 1922 жылы басталды. Ұлты жоқ тексіз, «әлемдік пролетарлық революция» деген адамның ойына сыймас қиялды күйттеген қайдағы бір жалаң аяқ пролетариаттың диктатурасы туралы сандыраққа сенген тобырдың идеологиясының аясына сыймайтын Мағжандай алып ой иесіне ұлтшылдық деген қара таңба басылды. Қай жерде, қай өлеңінде, қай жинағында Мағжан социализмге, кеңес құрылысына, большевиктік партияға қарсы ашық шығыпты? Жоқ, Мағжан олай жасаған жоқ. Бұл туралы Мағжанның өз сөзі мынау:

*«Жау» деген - жаудық жаласы,
Әділ болсақ, өмірімді
Ақтарып әділ қарашы.
Отыз жыл өмір бойында,
Жазғанымды жайып сап,
Екі жар ғып санашы [4, 45].*

«Мен жастарға сенемін» өлеңіндегі өміршең қуат пен сөнбес жалын жас ұрпаққа рухани күш беріп, қазіргі таңда өмірлік ұрандарына айналды десек, қате болмас. Ақын өлеңі осынау ұлтымыздың айбынды жастарын рухани құндылықтарға, сарқылмас жан азығына жетелер болашақтың бағдаршамына айналды.

«Мен жастарға сенемін» өлеңі атүсті оқып, жаба салатын, жай қабылдайтын дүние емес, бүкіл бір ұлтты бір арнаға ұйытып, халықты сүюге, ел үшін бар күш-жігерін жұмсайтын жас буындар тобын қалыптастыруға ықпал ететін тағылым көзі екенін әр қазақ көкейіне түйіп, көңіліне бекітуі тиіс.

*Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш ерім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!*

Бұл – елін емірене сүйген ақын жүрегінің үні. Ақын айтқандай, желбіреген тәуелсіздік туы ел тағдыры үшін жанын пида еткен құрбандардың тікелей бастауымен келді. Сауатсыз қарапайым қара халықтың сауатын ашып, көзі ашық, көкірегі ояу жандарға айналдырды. Талай жылдар бойы қазақтың қанындағы надандықты түп-тамырымен жоюға ұмтылып, болашағы жарқын, тәуелсіз Қазақстанды құруға ұмтылды. Міне, араға көп жылар салып бұл арманы да орындалды. Өз Отанының, өз елінің патриоты болғанға не жетсін! Сайын дала – ата-бабаларымыздың көзінің қарашығындай сақтап, найзаның ұшы, білектің күшімен қорғауының арқасында бізге жетіп отыр. Ендеше осындай алып Отанды сүю кімге де болсын парыз әрі қасиетті міндет.

Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы.

*Алаш – айбынды ұраны,
Қасиетті құраны.
Алаштың олар құрбаны,*

Мен жастарға сенемін!

Мағжан ақын алаш атын аспанға шығарар жастарға сенемін деп бар әлемге жар салады. Осылайша, ақын сенім артқан жас ұрпақ сол жауапкершілікке қаншалықты мығым?! Бүгінгі жастарымыздың келбеті қандай? Ақын аманатын кейінге жалғайтын, абыроймен көтере білер болашағымыз бар ма?!

Әрине, қазақ қашанда жамандығын жасырып, жақсылығын асырып айтқан халық қой. Десе де, жастар тәрбиесінің көлеңкелі тұстарын жасырып, қоғам өмірі үшін аса маңызды бұл мәселеге атүсті қарап, жалған намыспен мақтанға бой алдыру – өз тамырыңа балта шабумен бірдей.

Еліміздің тәуелсіздік таңы уыздай жастардың арқасында арайлап атып, бабалар аңсаған бейбіт өмірге қол жеткізуде, әрине, жастарымыздың үлесі шексіз екенін жоққа шығара алмаймыз.

Бір елдің тағдырын шешуге жас та болса, бас болған Қайрат, Ләззат, Ербол, Сәбира сияқты қыршыннан қиылған жігерлі жастарымызды зор мақтанышпен айтамыз. Сонымен қатар Сидней, Лондон олимпиадаларында, айта берсек талай-талай жастарды мысалға келтіруге болады, олар қазақ елінің намысын биікке көтеріп, көк туымызды әлем алдында желбіретіп, қазақ деген ғажап халықты бүкіл елге паш еткен бүгіннің жастары. Демек, Мағжан ақын аңсаған, ата-бабалар үміт еткен, жастық жігерін ел игілігі үшін жұмсап жүрген жалынды ел болашағы өсіп келеді, Аллаға шүкір дейміз!

Жұмсақ мінез жібектер,

Сүттей таза жүректер.

Қасиетті тілектер –

Мен жастарға сенемін!-

деп жүрек лүпіліне жастарды бөлеген ақынның үміті ақталып келеді.

Оның шығармаларының басты тақырыбы - қазақ ұлтының мүддесі, жырлағаны - қазақ мұңы. Ол бұл тақырыпты жырлап қана қойған жоқ, бүкіл дарыны мен өнерін салып сол тәуелсіздік үшін күресті. Туған халқының бостандыққа шығу жолын көрсетті. Сол үшін мерт болды. «Оян қазақ!» деп жар салған өзінің ұстазы Міржақып Дулатовқа айтарлықтай үн қосты.

Біздің ойымызша, жиырмасыншы ғасырдың басындағы кәсіби қазақ зиялыларының ел құрметіне бөленуіне, ең алдымен, олардың бойындағы туған халқы үшін құрбандыққа шалынуға даяр шынайы ұлтжандылық пен отаншылдық қасиеттің барлығы және осы қасиетті көпшіліктің анық сезінуі негіз болған. Мағжанның абақтыда жатып:

«Не көрсем де алаш үшін көргенім,

Маған атақ ұлтым үшін өлгенім.

Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер

Істей берсін қолдарынан келгенін» -

деп жазғанындай, ұлтжандылық, ұлттық мүддеге қалтқысыз адалдық сол замандағы қазақ зиялыларының көпшілігіне тән және оларды топтастыратын қасиет еді. Бұл - бір. Екіншіден, алмағайып тарихи аласапырандар тұсында ғұмыр кешкен ұлы ағаларымыз бір-біріне биік талап та қоя білген, егер ұлт

мүддесіне қылаудай көлеңке түсіретін кемшіліктерін байқаса, оны күл білтелемей немесе әлдебір арам ниет көздемей, ашық айтқан.

Ұлтты сүю, кісілік деңгейге дейін көтерілу, туған халқының мүддесі үшін құрбандыққа баруға әзірлік - Мағжан Жұмабаевтың өмірлік мұраты. Жас ұрпаққа арналған «Педагогика» оқулығында ол: «Өзінің елін сүю, яғни еліне жауыздық тілемей, ізгілік тілеу, пайда келтіріп зиян келтірмеуді» әрбір адамның қасиетті борышы ретінде атап көрсетеді.

«Қасірет тартқан жанымды, // Уата алмас ешкім де» - деп күрсінген екен Мағжан Карелиядағы Майтөбе станциясында жүргенде. Осыны айтқанда Зылиха апайдың көзінің айналасы қызарып кететін. Жылай – жылай көзінің жасы да суалатын шығар... Бірақ жаны уанбаса да, енді рухы уанар. Қазақ елінің елдігін жырлап, шарболат ұлттық характерлер туғызатын Мағжанның ақын іні-қарындастары оны қалай істеу керектігін ешкімнен сұрамайды [5, 7].

Бұл айтылғандардан туатын қорытынды біреу ғана. Мағжан Жұмабаев - қазақтың ұлттық ақыны. Ол қазақ қауымын құрайтын барша әлеуметтік таптардың, топтардың, ру-тайпалардың қай-қайсысына да, бір адамына дейін бүкіл өлеңімен, өмірімен жанын сала қызмет етті. Оның шығармашылығының ең сүйкімді қаһарманы - алаш жолында «жарты жаңқасы» қалғанша күресіп, жанын пида ететіндер. «Қазақта хан Кенеге ер жетпейді» деген сияқты. Ақынның жеке өз басы, жағымды кейіпкерлері ұлт пайдасын өз пайдасынан ілгері қойды.

«Мағжан Жұмабаев – біздің рухани өлкеміздегі қиырдан көзге түсетін, көрген көз сүйінетін биік шындарыздың бірі де бірегейі. Оны танып, оны қастерлеу – біздің елдік мәдениетіміздің анық көрсеткіші, сипаттамасы болмақ», - деп Ғафу Қайырбеков айтқандай, Мағжан ақынның азаматтық үні, ұлттық рух пен патриоттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзіндей өлең деген күдірет арқылы ұлт руханиятына қосқан үлесі бүгінгі күн тұрғысынан арнайы зерттеуді қажет етеді [6, 12].

Ел алдындағы басты мұрат – тәуелсіздік алып келген ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпаққа насихаттау болмақ. Ел болашағы – өскелең ұрпақты елінің көркеюіне үлес қосар азаматы етіп, ұлт болашағын тәрбиелеудегі «Мен жастарға сенемін» өлеңінің қосар үлесі мен руханият таразысынан алар салмағын екшелеп, көңіл көзінен өткізіп, мейлінше жіті зерделеп, бүгінгі күнмен сабақтастырылған.

Поэзия руханиятымызды көркемдік кеңістікпен байытуымен қатар, тәрбиелік-тағылымдық жағын да толықтырып отырған әдебиет әлемінің үлкен бір қанаты десек, Мағжанның «Мен жастарға сенемін» атты азаматтық лирикасы ұлттық болмыс пен қайсар мінезге жетелеп, осы екеуін басты негізге ала отырып, туған жерге деген шексіз махаббат пен ұлтжандылыққа тәрбиелеуге қызмет етеді.

Сонымен бірге ол ұлт шеңберінде қалып қойған жоқ. Нағыз ұлт ақыны күллі адамзат ақыны да. «Өз елін сүю дегеннен адам өз халқынан басқа халықтарды мейлінше жек көрсін, басқа халықтарға қасқыр болып тисін

деген сөз шықпайды. Адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті», - деген де Мағжан [7, 136].

Мағжанның өз ұлтына махаббаты күллі адамзатқа деген сүйіспеншілікпен ұласты.

Қазақстанды Отаным деп таныған әрбір азамат қазақ елінің тарих сахнасында басты әрі мәңгілік рөлін ойнауы үшін өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс

«Тәуелсіздігіміз баянды болуы үшін жас жеткіншектерді мемлекетшіл, отаншыл рухта тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселе.

Қорыта айтарымыз, Мағжанның «Мен жастарға сенемін» өлеңі жастардың рухани деңгейін көтеріп, тәуелсіз елдің текті ұрпағын, жаңа күннің жігерлі кейіпкерлерін өмірге әкелуде теңдессіз дүние. Сондықтан өткен күн мен бүгінгі өмірдегі сабақтастық сараланған, кең ауқымды келелі ойлар жастарымыздың жүрегіне рухани-адамгершілік, азаматтық-моральдық құндылықтарды құндақтауы – заман талабы екені айқын.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бөкейханов Ә. Таңдамалы [Мәтін]: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, Алматы, 1995. 478 с.
- 2 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры [Мәтін]: Зерттеу. Астана, «Күлтегін», 2002. -528 б.
- 3 Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар [Мәтін]: - Алматы: Раритет, 2005. - 256 б.
- 4 Интернет материалдары www.kz.google
- 5 The evolution of word formation series in the French language [L'évolution des séries de formation de mots en langue française], http://www.xlinguae.eu/issue-n_4_2022.html.
- 6 Елеукенов, Ш. Мағжан [Мәтін]: өмірі мен шығармашылығы / Ш. Елеукенов. - Астана : Астана полиграфия, 2008. - 391 б.
- 7 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет [Мәтін]: – Астана: Фолиант, 2002. - 474 б.